

**Шет ел кредиттерін пайдалану жөніндегі өтеу мерзімі өткен берешекті
займшы-кәсіпорындардың қайтаруын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 167-р өкімі

Республика займшыларының (кәсіпорындар мен ұйымдар) кінәсінен жинақталған шет ел кредит берушілері алдындағы Қазақстан Республикасының қаржы міндеттемелері жөніндегі өтеу мерзімі өткен берешектері мен шет ел кредиттерін тиімді жұмсауды және уақтылы қайтаруды қамтамасыз етпегені үшін кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының жеке жауапкершілігін қарау қажетіне байланысты, сондай-ақ берешекті өтеу көздерін іздестіру мақсатында:

1. Шет ел кредиттерін пайдалану жөніндегі өтеу мерзімі өткен берешекті займшы-кәсіпорындардың қайтаруын қамтамасыз ету жөнінде мына құрамда комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

Есенғарин Н.Қ.

- Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары,

Комиссия төрағасы

Павлов А.С.

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрі, Комиссия төрағасының

орынбасары

Оспанов М.Т.

- Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы Шет
ел капиталын пайдалану жөніндегі
комитеттің төрағасы, Комиссия

төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Әйімбетов С.С.

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
қаржы бақылау комитетінің төрағасы

Дамитов Қ.Қ.

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
басқармасы төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Жақсыбекова Л.Н.

- Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің Аппараты қаржы, еңбек
және ақша айналысы бөлімінің
сектор меңгерушісі

Жаманбаев Е.Қ.

- ALEM BANK KAZAKSTAN басқармасының
төрағасы (келісім бойынша)

Ірішев Б.К.	- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі басқармасының т ө р а ғ а с ы
Ысқақов Б.Ғ.	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары
Тілеубердин А.А.	- Қазақстан Республикасының Экономика м и н и с т р і
Шәйкенов Н.А.	- Қазақстан Республикасы Әділет м и н и с т р і
Шоқпытов А.М.	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары
Дагаев Л.С.	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Құдайбергенов А.И.	- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Жалпы қадағалау басқармасының бөлім бастығы (келісім бойынша)

Ескерту. Комиссияның құрамы толықтырылды - ҚР Премьер-министрінің 1995.09.08. N 335-ө өкімімен.

2. Комиссияға 1995 жылғы 20 мамырға дейін берешекті өндіріп алуды, кәсіпорындар мен ұйымдардың жауапкершілігін ұйымдастыру, жекешелендірілген немесе қайта құрылған кәсіпорындар мен ұйымдардың мұрагерлерінің төлем жасау қабілетін айқындау туралы ереже жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс ететін болсын.

3. Комиссияның жұмыс органы болып Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі белгіленсін, оған Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның шешімдерінің орындалуына бақылау жасау жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі мен "Тұранбанк" акционерлік банкі шет ел кредиті бойынша өтеу мерзімі өткен берешектің пайда болуына жол берген министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар ұсынған кезекті жобаларды қарауды тоқтатсын.

5. Кредиттер бойынша берешекті қайтаруға қатысты Комиссия шешімі министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін орындауға міндетті бо лы п б е л г і л е н с і н .

6. Комиссия ай сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне

істелген жұмыс туралы есеп беретін болсын.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК